

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан  
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК  
РГКП «Национальный центр тестирования»

**2016 ЖЫЛҒЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ**  
**ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН СЫРТТАЙ**  
**БАҒАЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**

**ИТОГИ**  
**ВНЕШНЕЙ ОЦЕНКИ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ**  
**В ОРГАНИЗАЦИЯХ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**  
**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**  
**В 2016 ГОДУ**

**Астана 2016**

УДК 371  
ББК 74.20

Авторлар ұжымы: Қ.Әбдиев, Д.Жақсыбеков, Ж.Кайшыгулова, К.Тургумбаев, К.Жумаханова, С.Оразова, А.Хайдарова, А.Кеужанова, М.Максутов.

2016 жылғы Қазақстан Республикасы Орта білім беру ұйымдарындағы оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың қорытындылары = Итоги внешней оценки учебных достижений в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2016 году /Қ.Әбдиев, Д.Жақсыбеков, Ж.Кайшыгулова, К.Тургумбаев, т.б. - Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2016 - 151 б.

ISBN 978-601-7122-20-1

Бұл жинақ Ұлттық тестілеу орталығының 2016 жылы ҚР орта білім беру ұйымдарында өткізілген Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ) рәсімін сипаттайды және ОЖСБ нәтижелерін әртүрлі кластерлер бойынша талдау жұмыстарын қамтиды.

Жинақ облыстық (қалалық), аудандық білім басқармаларының (бөлімдерінің) және білім беру ұйымдарының мамандарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлеріне, талдау жүргізетін орталықтарға және көпшілік қауымға арналған.

Жинақта көрсетілген мәліметтер республикадағы негізгі орта білім беру бойынша білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізуге, оқу процесін ұйымдастыруды бағалауға, білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметінің сапасына салыстырмалы талдау жасауға көмектеседі.

Данный сборник описывает процесс внешней оценки учебных достижений (далее - ВОУД) в организациях среднего образования в 2016 году, проведенный Национальным центром тестирования, а также охватывает анализ результатов ВОУД по разным кластерам.

Сборник предназначен для областных (городских), районных управлений (отделов) образования и сотрудников организации образования, Министерства образования и науки Республики Казахстан, аналитических центров и общественности.

Приведенная информация в сборнике может быть полезна в проведении мониторинга на уровень освоения учебных программ учащимися основного среднего образования, для оценки организации учебного процесса, сравнительного анализа образовательных услуг организации образования.

УДК 371  
ББК 74.20

ISBN 978-601-7122-20-1

©Ұлттық тестілеу орталығы, 2016

**2016 ЖЫЛҒЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ**  
**ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН СЫРТТАЙ**  
**БАҒАЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**

## Мазмұны

Кіріспе.....	5
2016 ж. ОЖСБ жалпы нәтижелері:	
- Мектеп түрлері бойынша .....	8
- Білім беру ұйымдарының аумақтық орналасу жері бойынша.....	13
- Білім беру ұйымдарының жинақтылығы бойынша .....	19
- 2016 жылғы ОЖСБ пәндері бойынша.....	24
Сауалнама қорытындылары.....	44
Қорытынды.....	51
1-қосымша.....	105
2-қосымша.....	118

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қабылдануына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты білім беру ұйымдарына тәуелсіз оқыту сапасына мониторинг жүргізу үшін 2012 жылдан бастап оқу жетістіктеріне сырттай бағалау (ары қарай - ОЖСБ) рәсімі енгізілді.

ОЖСБ оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау және білім беру қызметі сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі.

2012 жылы қолданысқа енген ОЖСБ әлемдік үрдіске сай жылдан жылға жетілдіріліп, қазіргі уақытта бірқатар өзгерістер мен жаңашылдығы енген үлкен ұлттық мониторингілеу жүйесіне айналды.

2012-2015 ж.ж. білім беру ұйымдарының 9-сынып оқушыларына арналған ОЖСБ-ға міндетті түрде қазақ тілі мен уәкілетті органның бекітілуімен жыл сайын анықталып отыратын 3 пән кірді. Әр пән бойынша тест тапсырмаларының саны – 20, жалпы тест тапсырмаларының саны - 80, тестілеуге 120 минут (2 сағат) уақыт берілді.

2012 жылы қолданысқа енген күннен бастап қазіргі уақытқа дейінгі ОЖСБ нысаны туралы қысқаша мәлімет төмендегі 1-кестеде берілген.

Жыл	Пән саны	Міндетті пән	Уәкілетті органның бекітілуімен жыл сайын анықталған пәндер тізімі	Тест тапсырмалар саны	Тестілеу уақыты
2012	4 пән	Қазақ тілі	Қазақстан тарихы, алгебра, химия	80	2 сағат
2013	4 пән	Қазақ тілі	Алгебра, физика, шет тілі	80	2 сағат
2014	4 пән	Қазақ тілі	Химия, география, дүниежүзі тарихы	80	2 сағат
2015	4 пән	Қазақ тілі, математика	<i>Келесі пәндердің екеуі:</i> физика, биология, география, химия	80	2 сағат
2016	2 пән	Қазақ тілі	<i>Келесі пәндердің біреуі:</i> Қазақстан тарихы, физика, дүниежүзі тарихы, химия, ағылшын тілі, алгебра, география, орыс тілі, әдебиет, биология	60	2 сағат 10 минут

1-кесте. 2012-2016 жылдардағы 9-сыныптардағы ОЖСБ форматы

2016 жылғы ОЖСБ ерекшелігі – тест тапсырмаларының форматының өзгеруінде. 2012-2015 жылдары 9-сынып оқушылары үшін әр пән бойынша берілген 5 жауап нұсқасының біреуі ғана дұрыс болып есептелінетін 20 тест тапсырмасы берілетін. Биылғы жылы 9-сынып оқушылары ОЖСБ-ны 2 пәннен тапсырды: қазақ тілі – міндетті пән, екінші пән – оқытылатын пәндердің бірі.

Қазақ тілі бір дұрыс жауаптан тұратын 20 тест тапсырмасынан құралған. Оның ішінде оқу сауаттылығын бағалауға 1 мәтін берілген, мәтінмен жұмыс істеуге 5 тест тапсырмасы берілген. Әр тест тапсырмасына ұсынылған 5 жауаптың бірін таңдау талап етілді. Максималды балл саны – 20 балл.

Екінші пән 40 тест тапсырмасынан тұрады, оның 25 тапсырмасы бір дұрыс жауаптан құралған, ал қалған 15 тест тапсырмасы бір немесе бірнеше дұрыс жауаптан тұрады. Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмасын дұрыс орындағаны үшін бір балл беріледі, бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмасы – дұрыс жауаптың барлығын таңдағанда 2 балл, бір қате жіберілсе (дұрыс жауаптың 1-уі табылмаса немесе 1 дұрыс емес жауап таңдалса) 1 балл, екі немесе одан да көп қате 0 балл беріледі. Екінші пән бойынша максималды балл – 55.

Сонымен қатар, 2016 жылы алғаш рет 9-сынып оқушылары компьютерлік тестілеуді онлайн тәртібінде әдісі арқылы өтті.

Ағымдағы жылы ҚР «Білім туралы» Заңына өзгерістер енгізілуіне байланысты ОЖСБ ұлттық мониторингілеу жүйесіне 9-сынып оқушыларымен қатар 4-сынып оқушылары қатыстырылды [1].

4-сынып оқушылары ОЖСБ-ны екі пәннен: математика және әдебиеттік оқу пәндерінен тапсырды. Әр пән 15 тест тапсырмасынан тұрады, жалпы саны – 30.


Тестілеуге жалпы 70 минут (1 сағат 10 минут) уақыт берілді. Әрбір тест тапсырмасы бір дұрыс жауабы бар төрт жауап нұсқасынан тұрады. Бір дұрыс жауабы бір баллмен бағаланады. Максималды балл саны – 30.

ОЖСБ кешенді тестілеу түрінде, арнайы бланкілер – жауап парақтарын қолдану арқылы да, компьютерлік технологияларды қолдану арқылы да өткізілді. ОЖСБ өткізу мерзімі және ОЖСБ-дан өтетін мектептер тізімі Білім және ғылым министрлігімен бекітіледі.

ОЖСБ-ның өткізілуін Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің жергілікті Білім саласындағы бақылау департамент қызметкерлері мен Білім және ғылым министрлігінің уәкілетті өкілдері бақылады.

ОЖСБ үрдісі білім беру ұйымдарындағы оқушылардың бекітілген стандартқа сай оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайды.

Бесжылдық кезеңдегі (2012-2016 ж.ж.) ОЖСБ мектептері мен оқушылары саны 1-суретте көрсетілген.



1 сурет

Жалпы алғанда, ОЖСБ білім беру ұйымдары ұсынатын білім сапасының дамуына оң әсерін тигізді және білім беру ұйымдарының оқу процесіндегі көптеген жетіспеушіліктерді анықтауға пайдасын тигізді.

ОЖСБ-ның енгізілуі барысында білім беру ұйымдары мұғалімдеріне деген талаптары артып, оқушылардың білімін бақылау жұмыстары күшейтілді.

ОЖСБ өткізу нәтижесінде төмендегідей міндеттерді орындауға болады:

- 4, 9-сынып оқушылардың білім деңгейін бағалау;
- білім беру ұйымдарының білім беру сапасын мониторингілеу;
- республика бойынша пәндердің оқытылу сапасын анықтау;
- білім беру ұйымдарының орташа баллын көрсету;
- білім процесіне кедергісін келтіретін факторларды шеттету;
- білім беру ұйымдарының тестілеу нәтижесі бойынша салыстырмалы талдау жүргізу.

## 2016 ЖЫЛҒЫ ОЖСБ НӘТИЖЕЛЕРІ

Республика бойынша ОЖСБ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 28.01.2016 ж. №94 бұйрығымен бекітілген «Оқу жетістіктеріне сырттай бағалау жүргізу қағидаларына» сәйкес жүргізілді [2].

Мектептегі білім беру сапасына мониторингтік зерттеу жүргізу құралы - 4 және 9-сынып оқушыларының білім деңгейін тест тапсырмалары арқылы тексеру.

2016 жылы ОЖСБ-ға 44384 оқушы (оның ішінде 4-сынып – 14525 оқушы, 9-сынып – 29859 оқушы) қатысты. 2012 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан ОЖСБ үрдісіне тек 9-шы сынып оқушылары қатысса, ағымдағы жылы 4-сынып оқушылары қатыстырылды. Мониторингке қатыстырылып отырған 4-сынып оқушыларының саны жоспарланған 9-сынып оқушылары есебінен алынды. Соған байланысты 2016 жылы ОЖСБ-ға қатысқан оқушылар саны жалпы республика бойынша алғандағы 4 және 9-сынып оқушыларының 8,8%-дық үлесін құрады (2-сурет).

Облыстар бойынша ең көп оқушылар қатысқан – Оңтүстік Қазақстан облысы (9297 оқушы) мен Алматы облысы (5683 оқушы). Ал ең төмен қатысушылар саны байқалған облыстар – Солтүстік Қазақстан облысы (619 оқушы) мен Павлодар облысы (949 оқушы). Жалпы ОЖСБ-ға облыстар бойынша 20%-дық көлемде оқушылар іріктелініп алынды. Әр облыста оқушылар санының әртүрлі болу себебі, сол облыстағы оқушыларының санына байланысты.




2-сурет



Республика бойынша тапсырушылардың 73,39%-ы, яғни 32574 оқушы мемлекеттік тілде, қалған 11810 оқушы орыс тілінде тапсырды. Бұл қазақ тілде білім алушылардың санының көптігіне байланысты.

Қазақ тілді тапсырушылар санының ең көбі – Оңтүстік Қазақстан (8320 оқушы), Алматы (4140 оқушы) және Қызылорда (2750 оқушы) облыстарында. Орыс тілінде ОЖСБ-дан өткен оқушылар санының ең көбі Алматы қаласында (1808 оқушы), Алматы (1543 оқушы) және Қарағанды (1513 оқушы) облыстарында екені байқалды (3-сурет).



3-сурет

9-сынып оқушылары ОЖСБ-ны арнайы бланкілер – жауап парақтарын (ары қарай - «бланкілік тестілеу») және компьютерлік технологияларын қолдану арқылы тапсырды. Жалпы 29859 оқушының 19996-ы «бланкілік тестілеу» арқылы, 9863-і онлайн тәртібінде компьютерлік тестілеу әдісі арқылы өтті. Компьютерлік тестілеуге 138 мектептің 9-сынып оқушылары қатысып, 38,65 орташа баллды көрсетті. «Бланкілік тестілеу» әдісімен өткен оқушылар жалпы 30,58 орташа баллды көрсеткішке ие болды. Компьютерлік тестілеу арқылы өткен оқушылармен бланкілік тестілеу арқылы өткен оқушылардың көрсеткіштерінің айырашылығы – 8,07 балл.

Республика бойынша қатысқан 4-сынып оқушыларының жалпы орташа баллы мүмкін болған 30 баллдан – 18,59 баллды құрады, оның ішінде қазақ сыныптарында – 18,42 балл, орыс сыныптарында – 19,07 балл.


Тестілеу нәтижелері жоғары болған өңірлер: Алматы қаласы (22,69 балл), Астана қаласы (21,72 балл), Қостанай (20,28 балл), Ақмола (19,45 балл) және Павлодар (19,43 балл) облыстары. Сәйкесінше өте төмен орташа баллға ие болған өңірлер: Оңтүстік Қазақстан (16,74 балл), Солтүстік Қазақстан (16,76 балл) және Маңғыстау (16,78 балл) облыстары.

Республика бойынша 4-сыныптардағы ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің ең жоғарғы және ең төменгі баллдар арасындағы айырмашылығы 5,71%-ды құрады.

Ал 9-сынып оқушыларының жалпы орташа баллы мүмкін болған 75 баллдан – 33,25 баллды құрады, оның ішінде қазақ сыныптарында – 32,82 балл, орыс сыныптарында – 34,41 балл.

Салыстырмалы түрде орташа баллы жоғары болған Алматы қаласы, көрсеткіші - 52,25 балл, Астана қаласы – 46,18 балл, Шығыс Қазақстан облысы - 43,54 баллды құраса, орташа баллы ең төмен болған облыстар: Атырау облысы – 25,52 балл, Солтүстік Қазақстан облысы - 26,48 балл.



Жалпы барлық облыстар бойынша (4 және 9-сыныптарда) қазақ және орыс сыныптарының көрсеткіштерінде ешқандай айырмашылық жоқ екендігі байқалады (4-сурет).



4-сурет

2016 жылы ОЖСБ-ға түскен мектептер саны 557, оның ішінде орта білім беру ұйымдарының:

- түрлері бойынша: жалпы орта білім беретін мектептер саны (ары қарай - ЖОБММ) – 504 (90,52%), гимназия мен мектеп-гимназиялар – 33 (5,9%), лицей мен мектеп-лицейлер – 17 (3,04%) және дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер (ары қарай - ДБММ) – 3 (0,54%);
- типтері бойынша: бастауыш мектептер саны – 30 (5,5%), негізгі – 13 (2,33%) және орта мектептер – 514 (92,13%) (5-сурет).



### 5-сурет

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарының 44%-ы шағын жинақты мектептер екендігі белгілі [3]. Ағымдағы жылы ОЖСБ-ға түскен мектептердің 52-і (9,34%) шағын жинақты мектептер. Ең көп шағын жинақты мектептер Солтүстік Қазақстан (14 мектеп) және Шығыс Қазақстан (14 мектеп) облыстарында қатысқан.

ОЖСБ-ға түскен мектептердің орналасу жері бойынша, яғни «қалалық мәртебедегі» мектептер – 216, «ауылдық мәртебеге» ие мектептер – 341.

ОЖСБ үрдісіне қатысқан 44384 оқушылардың ішінде 14525-і – 4-сынып оқушылары. Мектептердің түрлері бойынша алып қарайтын болсақ, гимназия, мектеп-гимназияларының (21,52 балл) және лицей, мектеп-лицейлерінің (21,48 балл) орташа балл көрсеткіші бірдей деңгейде деп айтуға болады. ДБММ көрсеткіші – 20,78 баллды, ЖОББМ – 17,99 баллды көрсетті.

4-сынып оқушылары арасында математика пәні бойынша гимназия, мектеп-гимназия оқушылары – 10,46 баллды, лицей, мектеп-лицей оқушылары 10,70 баллды көрсеткішке ие болып, ДБММ оқушыларынан (10,13 балл) жоғары нәтиже көрсетті. ОЖСБ-ның екінші пәні – әдебиеттік оқу пәні бойынша да гимназия, мектеп-гимназия мен лицей, мектеп-лицейлерінің оқушылары жоғары көрсеткішпен көзге түсті (2-кесте).


Пәндер	ЖББМ	Гимназия, мектеп-гимназия	Лицей, мектеп-лицей	ДБММ
Математика	8,62	10,46	10,70	10,13
Әдебиеттік оқу (қазақ сыныптарында)	9,42	11,19	11,41	10,72
Әдебиеттік оқу (орыс сыныптарында)	9,24	10,39	9,77	2,00

### 2-кесте

Ал 9-сыныптар бойынша ДБММ оқушылары басқа мектеп түрлерімен салыстырғанда ең жоғары деңгейде, яғни орташа баллы - мүмкін болған 75 баллдан 45,95 баллды құрады (тест тапсырмаларының орындалу деңгейі –

61,26%). 2015 жылы ДБММ оқушыларының көрсеткіші – 50,22 баллды (62,77%) құраған болатын. Сәйкесінше гимназия мектептері - 38,21 баллды көрсетсе, лицей-мектептері – 37,56 балл, ЖОББМ – 32,34 баллды көрсетті.

Мектептердің түрлері бойынша 2015-2016 жылдардағы ОЖСБ тест тапсырмаларының орындалу көрсеткіштерін салыстырмалы талдауды келесі б-суреттен көруге болады:




б-сурет

ОЖСБ-ның міндетті пәні – қазақ тілі бойынша ДБММ-ның оқушылары (қазақ және орыс сыныптары бойынша) басқа мектеп түрлерімен салыстырғанда жоғары нәтиже көрсеткен, яғни ДБММ орташа баллы – мүмкін болған 20 балдан қазақ сыныптары 14,12 баллды көрсетсе, орыс сыныптары 14,49 баллды көрсеткішке ие болған (3-кесте).

Пәндер	ЖББМ	гимназия, мектеп-гимназия	лицей, мектеп-лицей	ДБММ
Қазақ тілі (қазақ сыныптарында)	11,46	12,56	12,13	14,12
Қазақ тілі (орыс сыныптарында)	10,85	12,43	12,78	14,49

3-кесте

ОЖСБ-ның 9-сыныптары бойынша 2-пән көрсеткіштерін салыстыру барысында да ДБММ-ның оқушылары жақсы нәтиже көрсеткен, тек география және биология пәндері бойынша алдыңғы орынға гимназия, мектеп-гимназиялары шыққан (7-сурет).



7-сурет

Мектептердің типтері бойынша 4-сынып оқушыларының көрсеткіші «бастауыш мектептерде» жоғары нәтижеге ие болған, яғни 18,74 баллды құраған. «Негізгі мектептерде» көрсеткіш – 17,66 балл болса, «орта мектептерде» - 18,61 балл.

Ал 9-сынып оқушылары осы мектептер типтері бойынша салыстырсақ, «орта мектептердің» көрсеткіші (33,31 балл) «негізгі мектеп» (27,82 балл) көрсеткішінен 5,49 баллға жоғары.

### **Білім беру ұйымдарының аймақтық орналасу жері бойынша**

Республикалық мектептер аймақтық орналасуына қарай «қала» және «ауыл» мәртебелеріне бөлінеді.

ОЖСБ-ға республика бойынша қалалық мәртебеге ие 216 мектеп қатысты (оның ішінде 77 мектепте 4-сыныптары қатысқан), ол бағалау жүйесіне қатысқан жалпы 557 мектептің 38,78%-ын құрады. Ал ауылдық мәртебеге жататын мектептерден 341 мектеп қатысқан (оның ішінде 175 мектепте 4-сыныптары қатысқан), ол жалпы қатысқан мектептердің 61,22%-ын құрайды.

Қала/ауыл бөлінісінде қалалық мектептер ауылдық мектептерге қарағанда 22,44%-ға аз қатысты. Алайда қалалық мектептердегі оқушылар саны ауылдық мектептерге қарағанда артық болуымен ерекшеленеді.

4 және 9-сыныпқа арналған ОЖСБ-ға республика бойынша «қала» мәртебесіне ие 23148 оқушы қатысты, оның ішінде қазақ тілінде – 15064 оқушы, ал орыс тілінде – 8084 оқушы. Ал «ауыл» мәртебесіне ие мектептерден 21236 оқушы қатысты, оның ішінде қазақ тілінде – 17510 оқушы, ал орыс тілінде – 3726 оқушы ОЖСБ тапсырды.

Талдаудың қорытындысынан білім беру стандарты барлық мектептерге бірыңғай берілгеніне қарамастан, мектептердің территориялық аймақтық орналасуы сол мектептің білім көрсеткішіне ықпал ететіндігін байқауға болады.

#### 4-сынып оқушылары бойынша


Орналасу аймағы бойынша 4-сыныптардағы ОЖСБ-ның орташа баллы 4-кестеде көрсетілген.

Мүмкін болған 30 баллдан орташа балл	Қалалық мектептерде	Ауылдық мектептерде	Республика бойынша
	20,66	16,90	18,59

4-кесте


Қалалық мектеп оқушыларының тестілеу нәтижелері ауылдық мектеп оқушыларының нәтижелеріне қарағанда 3,86 баллға артық келді, яғни республика бойынша қала/ауыл бөлінісінде мектептердің орташа баллында біршама айырмашылық айқындалды.

Облыстар бойынша ОЖСБ-ға қатысқан 4-сыныптардың қала-ауыл мәртебесіндегі мектептер бойынша мәліметтері 8-суретте көрсетілген.



8-сурет

4-сыныптардағы ОЖСБ-ға қатысқан қала-ауыл мәртебелері бойынша мектептердің орташа баллдарын облыс көлемінде салыстырып, төмендегіше мәлімет алуға болады:




### Қала мектептері:

Республика бойынша қала мәртебесіне ие мектептерді салыстырып, нәтижесінде бір мәртебе (қала) бола тұра ішінара үлкен айырмашылық айқындалғанын байқауға болады. Мәселен: Алматы қаласының орташа баллының көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан облысының көрсеткішінен 5,02 баллға артық.

Алматы қаласының (22,69) орташа баллының жоғары болуының бірден бір себебі: Алматы қаласы бойынша 4-сыныптардағы ОЖСБ-ға 3 гимназия + 1 мектеп-лицей қатысуы орташа баллдың жоғары болуына әсер етуі мүмкін. Тестілеу нәтижелеріне сүйенсек, Алматы қаласында орналасқан мектептердің орташа баллдары мынадай: «Жаңа ғасыр» №175 гимназия – 26,03 балл, Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия – 25,47 балл, №91 ЖББМ – 25,21 балл, №76 ЖББМ – 24,96 балл және №127 жалпы білім беретін мектеп – 24,75 балл. Жалпы айтқанда, қала бойынша барлық мектептердің орташа балл көрсеткіштері жоғары, ең төмен көрсеткіштің өзі - Рахым Сарсенбин атындағы №192 жалпы орта мектебінің көрсеткіші, ол 17,19 баллды құрады.

Ал Оңтүстік Қазақстан облысының (17,67 балл) қала мәртебесіне жататын мектептердің көпшілігі төмен орташа балл жинаған. Мәселен, Түркістан қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы №12 ОМ – 14,44 балл, Шымкент қаласындағы Оразбай атындағы №115 НМ – 14,62 балл, Арыс қаласындағы №4 БМ – 16,24 балл, Төлеби ауданының Қ.Сәтпаев атындағы ЖОББМ – 16,70 балл. Аталған мектептердің көрсеткіштері облыс бойынша орташа балл көрсеткішіне өз әсерін тигізеді.

Ал ауыл мәртебесіне ие мектептерді де өзара облыс бойынша салыстырып, нәтижесінде келесі айырмашылық айқындалды. Мысалы, Ақмола облысының орташа балл көрсеткіші (20,09 балл) Маңғыстау облысының орташа баллынан (16,00 балл) 4,09 баллға артық.



### **Ауыл мектептері:**

Ауыл мәртебесіне жататын мектептердің орташа баллдарын облыс көлемінде салыстырғанда Ақмола облысының көрсеткіші жоғары болды (20,09 балл). Мысалы, Жақсы ауданының Лозовое орта мектебі – 22,64 балл, Астрахан ауданының Новочеркас орта мектебі – 22,29 балл, Еңбекшілдер ауданының Донской ОМ – 22,15 балл, Ерейментау ауданының №2 негізгі мектебі – 21,18 балл және Ақкөл ауданының Новорыбин орта мектебі – 20,70 балл. Бұл көрсеткіштер Ақмола облысы бойынша ОЖСБ нәтижелері жоғары болғандығын дәлелдейді.

Ал ауыл мәртебесі бойынша ең төмен көрсеткішке ие болған облыс – Маңғыстау облысы (16,00 балл). Облыс бойынша ең жоғары көрсеткішке ие мектеп – Бейнеу ауданының Ә.Махутов атындағы мектеп-балабақшасы, орташа балл көрсеткіші – 23,64 балл. Қалған мектептердің нәтижелері төмен. Атап айтсақ, Қарақия ауданының Мұнайшы ауылының №7 орта мектебі – 13,47 балл, Қарақия ауданындағы №9 бастауыш мектеп – 16,18 балл. Мектептердің көбінде орташа балл төмен келгендіктен, облыстың орташа баллының төмендеуіне өз ықпалын тигізген.


### ***9-сынып оқушылары бойынша***

9-сыныптардағы ОЖСБ-ға қатысқан қала мәртебесіне ие мектептердің жалпы орташа баллы республика бойынша 35,61 балл, оның ішінде қазақ сыныптарында – 35,08 балл, орыс сыныптарында – 36,67 балл.

Ал ауыл мәртебесіне ие мектептердің республика бойынша орташа балл көрсеткіші - 30,27 баллды құрайды, оның ішінде қазақ сыныптарында – 30,49 балл, орыс сыныптарында – 29,31 балл.

Өткізілген бағалау жүйесінің нәтижелері бойынша қала мәртебесіне ие мектептердің орташа балл көрсеткіші ауыл мәртебесіндегі мектептерден 5,34 баллға артық. Бұл көрсеткіш ауылдық мектептердің білім сапасы қалалық мектептерге қарағанда төмен екендігін қайта дәлелдейді (9-сурет).





9-сурет

Қала мәртебесіндегі мектептерді жеке алып, оның ішінде орташа баллды облыстар көлемінде салыстырғанда да ең жоғары және ең төмен көрсеткіштер байқалды.

Мысалы,




### Қала мектептері

9-сыныптардағы ОЖСБ тапсырған қала мәртебесіне жататын мектептердің облыс бойынша орташа баллы Алматы қаласында жоғары болды, ол мүмкін болған 75 баллдың 52,25 баллын иеленді. Алматы қаласы бойынша ОЖСБ нәтижелері басқа облыстармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болуының өз мектептерінің нәтижелеріне тікелей байланысты. Мысалы, №6 мектеп-гимназиясының орташа балл көрсеткіші – 62,67 балл, №127 ЖОББМ – 62,09 балл, №175 «Жаңа ғасыр» гимназиясы – 61,96 балл, №104 ЖОББМ – 61,85 балл және №76 ЖОББМ – 61,73 балл. Алматы қаласы бойынша ең төмен көрсеткіш – Рахым Сарсенбин атындағы жалпы орта мектебінде тіркелді, ол 33,56 баллды құрады.

Ал қала мәртебесіне жататын мектептердің ОЖСБ-ның ең төмен нәтижелері Атырау облысында тіркелді, ол – 25,27 баллды құрады. Қала мәртебесі бойынша 4 мектеп ОЖСБ-ға қатысқан. Олардың ішінде облыс бойынша ең жоғары көрсеткішке Атырау қаласындағы Н.Тілендиев атындағы облыстық «Кіші өнер» ДБММ ие болды, орташа баллы – 28,87

балл. Сондай-ақ, Жылыой ауданының №13 ЖББОМ орташа баллы – 26,52 балл, Атырау қаласының Пушкин атындағы №20 ОМ – 25,57 балл және №6 ОМ – 21,02 балл.

Сондай-ақ, ауыл мәртебесіне ие мектептерді де облыстар бойынша салыстырсақ, оның ішінде де орташа балл аралығындағы айырмашылықты аңғаруға болады.



### Ауыл мектептері

Ауыл мәртебесіне жататын мектептердің орташа баллдары бойынша ең жоғары орташа балл көрсеткіші Шығыс Қазақстан облысында (40,76 балл), ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысында (24,70 балл) болды. Екі облыс арасындағы айырмашылық 16,06 баллды құрады. Шығыс Қазақстан облысында ОЖСБ нәтижелерінің жоғары болуы өз облысында орналасқан мектептердің көрсеткіштеріне байланысты: Өскемен қаласындағы №33 орта мектебі – 54,35 балл, Семей қаласындағы Ибраев атындағы жалпы білім беретін мектеп – 52,67 балл және Шемонаиха ауданының Сугатовка жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша кешенінің орташа баллы - 15,94 баллды құрады.

Сол сияқты Солтүстік Қазақстан облысының ауыл мәртебесіне ие мектептердің төмен нәтиже көрсетуі облыстағы өз мектептерінің көрсеткіштеріне байланысты. Шал ақын ауданының Афанасьевка орта мектебі – 18,00 баллдық нәтижеге ие болған, сонымен қатар Жамбыл ауданының Буденое орта мектебі – 20,12 баллды көрсеткішті көрсетіп, облыстың орташа баллының төмен болуына өз ықпалын тигізді.

Материалдық-техникалық базаның жетіспеушілігі мен жоғары санатты мұғалімдердің үлесінің аз болуы, педагог кадрлардың тапшылығы – ауылдық мектептердің білім көрсеткішінің төмен болуының басты себебі.

ОЖСБ өту барысында жүргізілген сауалнамалардың қорытындыларына сүйенсек, ауылдық жерлерде орналасқан мектептерге қарағанда қала мәртебесіне ие мектептердің оқушыларына барлық жағдайлар жасалған. Мысалы, интерактивті тақталар, компьютер, кітапханалар, компьютерді оқу-тәрбие процесінде пайдалану, интернет байланыстарының болуы, оқу-әдістемелік құралдарынан тапшылық көрмеуі, зертханалық кабинеттермен

жабдықталуы, педагог кадрлардың білікті болуы және т.б. факторлар білім беру деңгейінің жоғары болуына өз ықпалын тигізген.

Болашақта қала мен ауыл мектеп оқушыларының арасында алшақтықты жойып, мектеп оқушыларының барлығына сапалы білім алуына тең қолжетімді жағдай жасау қазіргі күннің басты мәселесі.

### **Білім беру ұйымдарының жинақтылығы бойынша**

Еліміздегі білім беру ұйымдары оқушылар санының жинақтылығына қарай толық жинақталған мектеп (ары қарай - ТЖМ) және шағын жинақталған мектеп (ары қарай - ШЖМ) болып бөлінеді.

ШЖМ – бұл білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп [1]. ШЖМ сыныптарында білім алушылардың саны аз, сыныптары біріктірілген, мұғалім бір мезгілде екі сыныпқа дәріс беруімен ерекшеленетін жалпы білім беретін мектеп.

Ал ТЖМ-ға сипаттама берер болсақ, мектеп сыныптарында пәндер сағаты өз алдына жеке өткізіледі.

Ұлттық тестілеу орталығының деректер базасына сәйкес республика бойынша білім беру ұйымдарының жалпы саны - 7299. Оның 3212 мектебі – шағын жинақты мектептер, бұл барлық білім беру ұйымдарының айтарлықтай біршама бөлігін (44%) құрайды.


2016 жылы ОЖСБ-дан өткен 557 мектептердің ішінде 505-і ТЖМ, ал 52-сі - ШЖМ. Сәйкесінше оқушылар саны: жалпы қатысушы 44384 оқушының (4 және 9-сыныптар) 1110-ы ШЖМ оқушылары (қазақ тілінде – 607, орыс тілінде - 503), ал 43274-і ТЖМ оқушылары (қазақ тілінде – 31967 оқушы, ал орыс тілінде - 10773).

### ***4-сынып оқушылары бойынша***

Бұның ішінде 4-сыныптардағы ОЖСБ-ға қатысушы 14525 оқушының 315-сі ШЖМ оқушылары, яғни республика бойынша барлық қатысушылардың 2,16 пайызын құрайды.

Республика бойынша ТЖМ арасында 4-сыныптардағы ОЖСБ-да оқушылар контингентінің негізгі бөлігін Оңтүстік Қазақстан облысының оқушылары құрады, қатысушылардың пайызы – 17,48%. Сонымен қатар оқушылар санының артуы Алматы қаласында байқалды, қатысу көрсеткіші – 17,23% және Алматы облысында 16,3%-ды құрады. Сәйкесінше қатысу пайызы төмен болған облыстар: Павлодар – 0,97%, Қостанай – 2,22%,

Ақмола – 2,27%. Республика бойынша 4-сыныптардағы ОЖСБ-ға Солтүстік Қазақстан облысының ТЖМ мектептері іріктелмеді (10-сурет).



10-сурет

4-сыныптар бойынша тестілеу нәтижелері бойынша ШЖМ және ТЖМ-ның орташа баллдық көрсеткіштері арасындағы айырмашылығы айтарлықтай үлкен емес (5-кесте).

Мүмкін болған 30 баллдан орташа балл	ШЖМ	ТЖМ
	18,21	18,60


5-кесте

ТЖМ оқушыларының тестілеу нәтижелері ШЖМ оқушыларының нәтижелеріне қарағанда 0,39 баллға артық, яғни мектептердің жинақтылығы бөлінісінде республика бойынша орташа балл көлемінде айырмашылық үлкен емес (11-сурет).

4-сыныптар бойынша Атырау, Маңғыстау, Қарағанды, Қызылорда облыстары мен Астана қаласының шағын жинақталған мектептері бағалау жүйесіне қатыспаған.

ШЖМ және ТЖМ мектептері бойынша ең жоғары орташа баллға Алматы қаласы ие болған, яғни ШЖМ-ның орташа баллы – 22,25-ті көрсетсе, ТЖМ-ның көрсеткіші – 22,69 болған.


Керісінше, ең төмен нәтиже көрсеткен ШЖМ Ақтөбе облысында (15,08 балл) тіркелді. Ал ТЖМ бойынша ең төмен орташа баллға Оңтүстік Қазақстан облысы (16,73 балл) ие болды.



11-сурет

ШЖМ немесе ТЖМ-ның орташа баллдарының өзін ішінара облыстар арасында салыстырғанда айтарлықтай айырмашылық көрінеді. Мәселен, ШЖМ бойынша

#### ШЖМ 4-сынып



Жалпы Алматы қаласы мен Ақтөбе облысындағы ШЖМ арасындағы айырмашылық 7,17 баллды құрайды.

Алматы қаласы бойынша ШЖМ арасында жоғары көрсеткішке №197 негізгі орта мектебі ие болды, орташа баллы – 22,25. Ал Ақтөбе облысы бойынша ең төменгі көрсеткіш Қарғалы ауданындағы Жосалы орта мектебі-бала бақшасында (13,85 балл) анықталды. Жалпы мектептердің тестілеу нәтижелері өз облысының көрсеткішіне әсерін тигізетіндігі белгілі.

Ал ТЖМ бойынша Алматы қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы айырмашылық - 5,96 балл.

#### ТЖМ 4-сынып



Алматы қаласының орташа баллы жоғары болуына «Жаңа ғасыр» №175 гимназиясының (орташа баллы – 26,03), Атыханұлы атындағы №36 гимназиясының (25,47 балл), №91 ЖББМ-ның (25,21 балл), №76 ЖББМ-ның (24,96 балл) көрсеткіштері өз әсерін тигізген. Алматы қаласы бойынша ең төмен көрсеткішке №192 Рахым Сарсенбин атындағы мектепте анықталды, орташа баллы – 17,19.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ең төмен орташа балл көрсеткіштері келесі мектептерде байқалды: Сайрам қаласының №14 М.Сапарбаев атындағы ОМ – 11,36 балл, Сарыағаш қаласының №77 С.Сейфуллин атындағы ОМ – 12,70 балл, Шардара ауданы Ақалтын жалпы ОМ – 12,98 балл және т.б.. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ең жоғары көрсеткішке ие болған №10 жалпы орта мектебі, орташа баллы – 22,27 балл.

*2016 жылғы ОЖСБ нәтижелері мектептер бойынша 1-қосымшада берілген.*

### **9-сынып оқушылары бойынша**

Ағымдағы жылы 9-сыныптардағы ОЖСБ-ға республика бойынша 29859 оқушы қатысты, оның ішінде ШЖМ оқушыларының саны – 795 (қазақ тілінде – 384 оқушы, ал орыс тілінде – 411 оқушы), ал ТЖМ оқушыларының саны – 29064 оқушы (қазақ тілінде – 21481, ал орыс тілінде – 7583 оқушы).

ШЖМ бойынша қатысқан 795 оқушы жалпы қатысушылардың 2,66%-ын құрайды.

9-сынып оқушылары арасында ТЖМ мен ШЖМ арасындағы айырмашылық 1,28 баллды құрады.

Мүмкін болған 75 баллдан орташа балл	ШЖМ	ТЖМ
	32,00	33,28


*6-кесте*

9-сыныптардағы ОЖСБ бағалау жүйесіне Атырау облысы, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Астана қаласының шағын жинақталған мектептері іріктелмеді.

9-сыныптардағы ОЖСБ нәтижелері бойынша ШЖМ және ТЖМ бойынша облыстар бөлінісіндегі көрсеткішті 12-суреттен көруге болады.

ШЖМ арасында да, ТЖМ арасында да максималды баллға Алматы қаласы ие болды, сәйкесінше ШЖМ-да – 53,38 балл, ТЖМ-да – 52,24 балл. ШЖМ мен ТЖМ арасындағы айырмашылық үлесі – 1,14 балл.

Ал облыстар арасында ең төмен нәтиже көрсеткен ШЖМ бойынша Қарағанды облысы (17,50 балл) болса, ТЖМ бойынша Атырау облысы (25,52 балл).



12-сурет

ШЖМ немесе ТЖМ-ның өзін ішінара облыстар арасында салыстырғанда айтарлықтай айырмашылыққа ие. Мәселен:

**ШЖМ бойынша:**



**ТЖМ бойынша:**



ШЖМ-да әртүрлі сыныптар біріктірілетіндіктен, мұғалімге оқыту жүйесі қиынға түседі, сапалы оқытуды ұйымдастыруға кедергі келтіреді.

Сондықтан ШЖМ беделін көтеру, аталған мектептердің педагог мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру, оқытудың әдістемелік тұрғыдан сапасын көтеру, техникалық жабдықталуы бүгінгі таңда жалпыға ортақ педагогикалық әрі әлеуметтік мәселе болып табылады.

ТЖМ өзара салыстыра келе де үлкен айырмашылықты аңғаруға болады, мысалы, Алматы қаласы (52,24 балл) мен Атырау облысының (25,52 балл) орташа баллдарының айырмашылығы 26,72 баллды құрайды.

Алматы қаласы бойынша ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің орташа баллдары басқа жоғарыда аталған облыс мектептерімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Мысалы, №6 мектеп-гимназияның орташа баллы – 62,67 балл, №127 жалпы орта білім беретін мектеп – 62,09 балл, «Жаңа

ғасыр» №175 гимназия – 61,96 балл, №104 ЖББМ – 61,85 балл және №76 ЖББМ – 61,73 балл.

Атырау облысы бойынша ең төменгі нәтижені М.Отаралиев атындағы негізгі мектеп (17,63 балл) көрсетті. Сонымен қатар, М.Баймұханов атындағы орта мектебінің орташа баллдық көрсеткіші – 18,74 балл, С.Шәріпов атындағы мектеп-интернаттың орташа баллы 19,66-ға тең болды. Аталған облыс бойынша салыстырмалы түрде ең жоғары баллға ие болған Алтынсарин атындағы орта мектебі, орташа баллы – 33,98 балл.

*2016 жылғы ОЖСБ нәтижелері мектептер бойынша 2-қосымшада берілген.*

ШЖМ-ға қарағанда ТЖМ оқушыларына барлық жағдайлар жасалған. Мысалы, сыныптардың біріктірілмей оқытылуы, мектептердің материалдық-техникалық жабдықталуы, білікті педагог кадрлардың болуы, оқу-әдістемелік құралдармен қамтылуы және т.б. факторлар оқушылардың білім жетістігінің артуына өз ықпалын тигізеді.

Болашақта ШЖМ мен ТЖМ оқушыларының арасында алшақтықты жойып, мектеп оқушыларының барлығына сапалы, жоғары деңгейде білім алуына тең жағдай жасау мәселесі қарастырылуда.

### **2016 жылғы ОЖСБ пәндері бойынша**

2016 жылғы ОЖСБ пәндерінің нәтижелеріне жеке-жеке талдау жүргізу Қазақстан Республикасындағы осы жылға түскен барлық мектептердегі пәндердің меңгерілуін тексеруге мүмкіндік береді. Осындай талдаудың нәтижесі білім беру үрдістерінің ұйымдастырылуы мен білім беру жүйесінің арасындағы қарым-қатынасты айқындау үшін қажет. Сонымен қатар, ұстаздар жұмысының нәтижесі, 4 және 9-сынып оқушыларының жетістіктерінің көрсеткіші анықталады.

#### ***4-сыныптар бойынша***

2016 жылы оқу жетістіктерін сырттай бағалау тестілеуі 4-сыныптарда алғаш рет өткізілді. Қазақстан бойынша 252 мектептің 4-сыныптары тестілеуді екі пәннен тапсырды: математика және әдебиеттік оқу (әр пәннен 15 сұрақ). Екі пән бойынша жалпы нәтиже 30 баллды құрау керек. Оқушылар республика бойынша нәтижесін келесі 13-суреттен көруге болады:





13-сурет


Диаграмма бойынша әдебиеттік оқу (қазақ сыныптары) пәнінің орташа баллы басқаларға қарағанда жоғары (9,75 балл немесе 65%). Орыс сыныптары әдебиеттік оқу пәнінің тестілеу тапсырмаларын 62,4%-ға орындады, ал математика пәні бойынша 8,94 немесе 59,6% нәтиже көрсетті.

Жалпы нәтиже бойынша барлық облыстың қыз балалары ұл балаларға қарағанда жоғары нәтиже алған. Республика бойынша қыз балалар 18,99 орташа балл, ұл балалар 18,19 орташа балл көрсетті. Пән бойынша қарастырсақ, ОЖСБ-ға түскен екі пәннен де қыз балалардың білім сапасының көрсеткіші ұл балалардың білім сапасынан жоғары. Әсіресе Алматы қаласының ұл-қыздары басқа облыстармен салыстырғанда жоғары нәтиже көрсетті. Ал төмен нәтиже көрсеткен ұл балалардың басым бөлігі Солтүстік Қазақстан облысынан болса, қыз балалар Алматы облысынан.

### Математика пәні (4-сынып)

Облыстар арасында ең жоғары орташа балл жинаған – Алматы қаласы (11,46 балл немесе 76,4%), ең төмен орташа балл алған – Солтүстік Қазақстан облысы (7,63 балл немесе 50,87%).

ОЖСБ-ға қатысқан 14525 оқушының ең көбі 9 баллдан жинаған (1534 оқушы немесе 10,56%). Осы пән бойынша 17 оқушы 0 балл алған, ал максималды 15 балл алғандар саны – 337 оқушы (14-сурет).




*14-сурет*

Математика пәнін тапсырған қазақ және орыс сыныптарын салыстыратын болсақ, орыс сыныптарының оқушылары қазақ сыныптарына карағанда жоғары орташа балл көрсетті (орыс сыныбы – 9,71 балл, қазақ сыныбы – 8,67 балл). Дегенмен орыс сыныбының оқушылар саны шамамен 3 есеге аз (қазақ сыныбы – 10709 оқушы, орыс сыныбы – 3816 оқушы).


Республика бойынша ТЖМ математика пәні бойынша ШЖМ-ға карағанда жоғары балл алды, ТЖМ жалпы орташа баллы – 8,95 балл, ШЖМ орташа баллы – 8,65 балл. ТЖМ арасында жоғары нәтиже көрсеткен - Алматы қаласы (11,46 балл), төмен нәтиже көрсеткен – Оңтүстік Қазақстан облысы (7,84 балл). ШЖМ арасында жоғары нәтиже көрсеткен - Алматы қаласы (11,92 балл), төмен нәтиже көрсеткен – Алматы облысы (7,09 балл).

Математика пәні бойынша орташа балл көрсеткіші 50%-дан төмен мектептердің ең көп үлесі Қызылорда облысына тиесілі (50%), яғни бұл облыстағы ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің тең жартысы 7,50-ден төмен орташа балл көрсеткен. Сондай-ақ, келесі орынды Оңтүстік Қазақстан облысы иеленген, бұл облыс бойынша ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің 47,83%-ы 7,50 орташа баллдан төмен нәтиже көрсеткен (15-сурет).

Ал Ақмола, Павлодар облыстарында, Астана, Алматы қалаларында орналасқан мектептердің барлығы дерлік 50%-дан жоғары орташа балл алған (16-сурет).



15-сурет



16-сурет

Жалпы математика пәні бойынша қыз балалардың орташа баллы ұл балалардың көрсеткішінен жоғары. Республика бойынша қыз балалар 9,07


балл жинаса, ұл балалар 8,81 балл алды. Қыз балалар арасында ең жоғары нәтиже Алматы қаласына тиесілі болса (11,65 балл), ең төмен орташа балл алған Оңтүстік Қазақстан облысы (7,98 балл). Ұл балалар арасында басым түскен Алматы қаласы (11,29 балл), төмен орташа балл көрсеткен Солтүстік Қазақстан облысы (7,04 балл).

Республика бойынша 252 мектептің ОЖСБ тестілеуінен өтсе, оның ішінде 70 мектеп тестілеу тапсырмаларының орындалу пайызының 50%-ынан төмен деңгейді көрсетті.

### Әдебиеттік оқу пәні (4-сынып)

Қазақ сыныптарындағы әдебиеттік оқу пәнінен облыстар арасында ең жоғары орташа балл жинаған – Алматы қаласы (11,41 балл немесе 76,07%), ең төмен орташа балл алған – Оңтүстік Қазақстан облысы (9,01 балл немесе 60,07%). Ал орыс сыныптары бойынша ең жоғары орташа балл жинаған – Алматы қаласы (10,98 балл немесе 73,2%), ең төмен орташа балл алған – Ақтөбе облысы (6,67 балл немесе 44,47%).

Қазақ сыныптары бойынша ОЖСБ-ға қатысқан 10709 оқушының ең көбі 11 баллдан жинаған (1533 оқушы немесе 14,32%). Осы пән бойынша 13 оқушы 0 балл алған, ал максималды 15 балл алғандар саны – 164 оқушы. Ал орыс сыныптары бойынша ОЖСБ-ға қатысқан 3816 оқушының ең көбі 10 баллдан жинаған (440 оқушы немесе 11,53%). Осы пән бойынша 1 оқушы 0 балл алған, ал максималды 15 балл алғандар саны – 87 оқушы. (17-сурет)



17-сурет


Республика бойынша қазақ сыныптарындағы ТЖМ әдебиеттік оқу пәні бойынша ШЖМ-ға қарағанда жоғары балл алды, ТЖМ жалпы орташа баллы – 9,76, ШЖМ бойынша орташа баллы – 9,57. ТЖМ арасында жоғары нәтиже

көрсеткен - Алматы қаласы (11,41 балл), төмен нәтиже көрсеткен – Оңтүстік Қазақстан облысы (9,00 балл). ШЖМ арасында жоғары нәтиже көрсеткен - Ақмола облысы (11,52 балл), төмен нәтиже көрсеткен – Ақтөбе облысы (8,25 балл).


Керісінше ШЖМ орыс сыныптарындағы әдебиеттік оқу пәні бойынша ТЖМ-дан басым түсті. ШЖМ жалпы орташа баллы – 9,54, ТЖМ орташа баллы – 9,35. ШЖМ арасында жоғары нәтиже көрсеткен - Қостанай облысы (11,20 балл), төмен нәтиже көрсеткен – Ақтөбе облысы (5,89 балл). ТЖМ арасында жоғары нәтиже көрсеткен - Алматы қаласы (10,98 балл), төмен нәтиже көрсеткен – Ақтөбе облысы (6,86 балл).

Қазақ сыныптарындағы әдебиеттік оқу пәні бойынша орташа балл көрсеткіші 50%-дан төмен алған мектептердің ең көп үлесі Шығыс Қазақстан облысына тиесілі (11,11%), яғни бұл облыстағы ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің 11,11 пайызы 7,50-ден төмен орташа баллдық нәтиже көрсеткен. Сондай-ақ, келесі орынды Оңтүстік Қазақстан облысы иеленген, бұл облыс бойынша ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің 8,89%-ы 7,50-ден төмен орташа балл көрсеткен (18-сурет).

Ал осы аталған пән бойынша қазақ сыныптарында орташа балл көрсеткіші 50%-дан жоғары облыстар 19-суретте көрсетілген, яғни республика бойынша барлық облыстар жақсы нәтиже көрсеткен.




18-сурет




19-сурет

Орыс сыныптарындағы әдебиеттік оқу пәні бойынша орташа балл көрсеткіші 50%-дан төмен алған мектептердің ең көп үлесі Ақтөбе облысына тиесілі (83,33%), яғни бұл облыстағы ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің 83,33 пайызы 7,50-ден төмен орташа баллдық нәтиже көрсеткен. Сондай-ақ, келесі орынды Оңтүстік Қазақстан облысы иеленген, бұл облыс бойынша ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің 60,00%-ы 7,50-дан төмен орташа балл көрсеткен (20-сурет).

Ал осы аталған пән бойынша орыс сыныптарындағы орташа балл көрсеткіші 50%-дан жоғары облыстар мәліметі 21-суретте көрсетілген.



20-сурет



21-сурет

Әдебиеттік оқу пәні бойынша қыз балалардың орташа баллы ұл балалардың нәтижесінен жоғары. Республика бойынша қыз балалар 9,92 балл жинаса, ұл балалар 9,38 балл алды. Қыз балалар арасында ең жоғары

көрсеткіш Алматы қаласына (11,53 балл), ал ең аз орташа балл Алматы облысына (9,06 балл) тиесілі. Ұл балалар арасында Алматы қаласының нәтижесі жоғары (10,94 балл) болды, ал Солтүстік Қазақстан облысының ұл балалары төмен орташа балл (8,29 балл) алды.

Республика бойынша әдебиеттік оқу пәнінен 224 мектептің қазақ сыныптары, 101 мектептің орыс сыныптары тапсырды. Оның ішінде қазақ сыныптары бойынша 10 мектеп, ал орыс сыныптары бойынша 21 мектеп тестілеуге берілген барлық тапсырмалардың орындалу пайызы - 50%-дан төмен.

### ***9-сыныптар бойынша***

Осы жылғы тестілеуде 9-сынып оқушылары 2 пәннен тапсырды. Біріншісі, міндетті пән – қазақ тілі, екіншісі – саны мен тізімі жыл сайын уәкілетті органмен анықталатын жалпыға міндетті пәндер. Осы жылға түскен пәндер тізімі 7-кестеде көрсетілген.

<b>2015 жыл</b>	<b>2016 жыл</b>
Қазақ тілі (қазақ сыныптары)	Қазақ тілі (қазақ сыныптары)
Қазақ тілі (орыс сыныптары)	Қазақ тілі (орыс сыныптары)
География	География
Биология	Биология
Математика (Алгебра)	Алгебра
Химия	Химия
Физика	Физика
	Қазақстан тарихы
	Дүниежүзі тарихы
	Ағылшын тілі
	Қазақ әдебиеті (қазақ сыныптары)
	Орыс әдебиеті (орыс сыныптары)
	Орыс тілі (қазақ сыныптары)
	Орыс тілі (орыс сыныптары)

*7-кесте*

2015 жылы оқушылар тестілеуді 4 пәннен тапсырды: қазақ тілі мен математика пәндері міндетті болса, қалған 4 пәннің екеуі тестілеуде келетін пәндер. 2016 жылғы пәндер саны көбейді, алайда тестілеуде қазақ тілінен басқа тек бір пән түсті. Екінші пән таңдауға берілмейді, оқушы қандай пән екенін тікелей тестілеу алдында білді.

Биылғы жылы енгізілген өзгерістерге байланысты қазақ тілі пәнінен 20, ал екінші пәннен 40 тестілеу тапсырмасы берілді. Сонымен қатар, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тестілеу тапсырмалары да қосылды. Нәтижесінде



оқушылар қазақ тілі пәнінен максимум 20 балл, екінші пәннен 55 балл ала алады. Республика бойынша берілген пәндерден 9-сынып оқушылары келесі нәтиже көрсетті (22-23 суреттер):



22-сурет



23-сурет

Берілген диаграмма бойынша оқушылардың ең көп жинаған орташа баллы орыс тілі (қазақ сыныптары), орыс әдебиеті (орыс сыныптары), орыс тілі (орыс сыныптары) пәндерінен. Керісінше төменгі көрсеткіш алгебра, дүниежүзі тарихы, физика пәндері бойынша.


Жалпы нәтиже бойынша барлық облыстың қыз балалары ұл балаларға қарағанда жоғары нәтиже алған. Республика бойынша қыз балалар 34,98 орташа балл, ұл балалар 31,53 орташа балл көрсетті. Пән бойынша қарастырсақ, ОЖСБ-ға түскен барлық пәндерден қыз балалар ұл балаларға қарағанда жоғары нәтиже алды. Әсіресе, Алматы қаласының жасөспірімдері

басқа облыстармен салыстырғанда басым түсті. Ал төмен көрсеткен ұл-қыз балалардың көбі - Атырау облысының оқушылары.

### Қазақ тілі пәні (9-сынып)

Қазақ тілі пәні 2012 жылдан бастап міндетті пәндердің қатарында. 2015 жылғы нәтижемен салыстырғанда бұл пәннен білім сапасының бір саты жоғарылағанын байқауға болады. Қазақ сыныптарындағы қазақ тілі бойынша орташа балл 11,61 (2015 жылы 10,89 балл) болса, орыс сыныптарындағы орташа балл 11,16 (2015 жылы 10,62 балл). Ал облыс деңгейінде алып қарасақ, қазақ сыныптары арасында ең жоғары орташа балл жинаған – Алматы қаласы (15,48 балл), орыс сыныптарында – Астана қаласы (15,53 балл). Қазақ сыныптарында ең төмен орташа балл алған – Атырау облысы (9,97 балл), орыс сыныптарында – Маңғыстау облысы (8,18 балл).

Бұл пәнді қазақ сыныбының да, орыс сыныбының да оқушылары орта деңгейде тапсырды. Жалпы алғанда оқушылардың көбі 13 балл жинаған, яғни қазақ сыныптарындағы 21865 оқушының 9,51%-ы (2080 оқушы), ал орыс сыныптарындағы 7994 оқушының 6,53% (522 оқушы). Ал 0 балл алған балалар саны – қазақ және орыс сыныптарына 9 оқушыдан келеді. Ең жоғарғы 20 баллды қазақ сыныбында 93 оқушы (0,43%) жинаса, орыс сыныптарында 133 оқушы (1,66%) иеленген (24-сурет).




24-сурет

Республика бойынша ШЖМ қазақ сыныптарындағы қазақ тілі бойынша ТЖМ қарағанда орташа баллы жоғары. ШЖМ жалпы орташа баллы – 12,81 балл, ТЖМ орташа баллы – 11,59 балл. ШЖМ арасында ең жоғарғы нәтиже Алматы қаласына (17,67 балл) тиесілі болса, ал ең төмен нәтиже Жамбыл облысына тиесілі (9,94 балл). ТЖМ жоғары нәтиже көрсеткен де Алматы қаласы (15,46 балл), төмен нәтиже көрсеткен Атырау облысы (9,97).


Керісінше ТЖМ орыс сыныптарындағы қазақ тілі бойынша ШЖМ-дан басым түскен. ТЖМ жалпы орташа баллы – 11,27, ШЖМ жалпы орташа баллы – 9,12 балл. ТЖМ арасынан жақсы нәтиже көрсеткен Астана қаласы – 15,53 балл, ал төменгі нәтиже Маңғыстау облысында - 8,18 балл. ШЖМ арасында ең жоғарғы нәтижемен көзге түскен Алматы қаласы – 16,43 балл, ал Қарағанды облысы 4,63 орташа баллмен соңғы бағанға орналасты.

Қазақ сыныптарындағы қазақ тілі пәні бойынша орташа балл көрсеткіші 50%-дан төмен алған мектептердің ең көп үлесі Атырау облысына тиесілі (47,37%), яғни бұл облыстағы ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің 47,37 пайызы 10,00 баллдан төмен орташа баллдық нәтиже көрсеткен. Сондай-ақ, келесі орынды Қостанай облысы иеленген, бұл облыс бойынша ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің 38,48%-ы 10,00 баллдан төмен орташа балл көрсеткен (25-сурет).

Ал осы аталған пән бойынша қазақ сыныптарында орташа балл көрсеткіші 50%-дан жоғары облыстар 26-суретте көрсетілген, яғни Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы, Астана қалалары мектептерінің барлығы дерлік орташа балл көрсеткішін 50%-дан жоғары, яғни орташа 10,01 баллдан жоғары нәтиже көрсеткен.




25-сурет




26-сурет

Орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәні бойынша орташа балл көрсеткіші 50%-дан төмен алған мектептердің ең көп үлесі Маңғыстау облысына тиесілі (100%), яғни бұл облыстағы ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің барлығы 10,00 баллдан төмен орташа баллдық нәтиже көрсеткен. Сондай-ақ, келесі орынды Солтүстік Қазақстан облысы иеленген, бұл облыс бойынша ОЖСБ-ға қатысқан мектептердің 88,89%-ы 10,00 баллдан төмен орташа балл көрсеткен (27-сурет).

Ал осы аталған пән бойынша орыс сыныптарында орташа балл көрсеткіші 50%-дан жоғары облыстар 28-суретте көрсетілген, яғни Алматы, Астана қалалары мектептерінің барлығы дерлік орташа балл көрсеткішін 50%-дан жоғары (10,01 баллдан жоғары) нәтиже көрсеткен.



27-сурет



28-сурет

Қазақ тілі пәні бойынша қыз балалардың орташа баллы ұл балалардың нәтижесінен жоғары. Республика бойынша қыз балалар 12,15 балл жинаса, ұл балалар 10,83 балл алған. Қыз балалар арасында ең жоғары көрсеткіш Алматы қаласына (15,52 балл), ал ең аз орташа балл Солтүстік Қазақстан облысына (9,96 балл) тиесілі. Ұл балалар арасында Алматы қаласының нәтижесі жоғары (15,17 балл) болған, ал Солтүстік Қазақстан облысының (7,83) ұл балалары төмен орташа балл алған.

Қазақ тілі пәні республика бойынша қазақ сыныптарында 58,05%-ға, ал орыс сыныптарында 55,8%-ға орындалған. Жақсы нәтиже көрсеткен қазақ сыныптарының басым көпшілігі Алматы қаласынан (орташа балл – 15,48 немесе 77,4%). Алматы қаласының қазақ тілі пәні бойынша орташа баллы былтырғы жылға қарағанда 8,4%-ға (қазақ сыныптары) артқанын байқаймыз.

Ал орыс сыныптарындағы қазақ тілі бойынша Астана қаласында нәтиже жоғары (орташа балл – 15,53 немесе 77,65%). Бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 23,3%-ға көтерілген.

Атырау облысының қазақ сыныптары республика бойынша төмен нәтиже көрсетті. Орташа баллы – 9,97 немесе 49,85%. Былтырғы жылы да Атырау облысының оқушыларының орташа баллы төмен еді. 2015 жылы орташа балл 8,99 болған. Дегенмен, бұл көрсеткіш биыл 4,9%-ға артқан.

Орыс сыныптарындағы қазақ тілінен Маңғыстау облысында нәтиже төмен. Орташа баллы - 8,18 немесе жалпы тестілеу тапсырмаларының орындалуының 40,9%. 2015 жылы осы облыстың тестілеу тапсырмаларының орындалу нәтижесі 48,6% болған, яғни осы жылы орташа балл біршама төмендегенін байқаймыз.

Республика бойынша қазақ тілі пәнінен 449 мектептің қазақ сыныптары, 239 мектептің орыс сыныптары тапсырды. Оның ішінде қазақ сыныптары бойынша 81 мектеп, ал орыс сыныптары бойынша 111 мектеп тестілеу тапсырмаларының орындалу пайызының 50%-ынан төмен деңгейді көрсетті.

Қазақ сыныптарының оқушыларына «Синтаксис (Төл сөз)» тақырыбы қиындық туғызды, яғни осы тақырып бойынша тапсырушылардың 49,87% сұрақтарға жауап бере алмаған. Ал орыс сыныптары үшін «Фонетика (Буын)» тақырыбы күрделі болды, осы тақырып бойынша тапсырған оқушылардың 37,10% тапсырмаларды орындай алмаған.

Қорыта келе, орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәнінің оқытылуы ойдағыдай жүргізілмейді. Әсіресе Солтүстік өңірлерде: Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстары орыс топтарындағы қазақ тілінің нәтижелері төмен.

Жалпы қазақ тілі пәні бойынша нәтиже жаман емес. 9-сыныптарда өткізілген сауалнама бойынша мектептерде ОЖСБ-ға дайындық жақсы жүргендігі байқалады. Оқушылардың 85,15% мектептерінде «әрқашан тестілеуге дайындық жүргізіледі» деп жауап берген.


### Екінші пән бойынша

Екінші пәндердің нәтижелері бойынша гуманитарлық бағыттағы пәндердің көрсеткіші жаратылыстану бағытындағы пәндермен салыстырғанда жоғары. Алайда 2016 жылға түскен пәндердің тестілеу тапсырмаларының орындалу пайызын алдыңғы жылдағы көрсеткіштермен салыстырғанда, барлық нәтиже барынша төмендеген (8-кесте).

Пәндер	2015 жыл	2016 жыл
Биология	47,6%	46,00%
Математика(Алгебра)	44,8%	37,18%
Химия	44,00%	41,93%
География	48,65%	41,38%

8-кесте

Сондай-ақ, өткен жылдарда кездескен басқа да пәндерді салыстырсақ, нәтиже келесідей көрініс тапты (29-сурет):




29-сурет

Ағымдағы жылы нәтиженің төмендеуі тестілеу форматының өзгеруіне байланысты. Өйткені 2016 жылғы ОЖСБ-ның екінші пән бойынша тест

тапсырмалары санының артқанымен бірге, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты сұрақтар да қосылды. Дегенмен, жылдар арасындағы көрсеткіш айырмашылығы үлкен екендігі айқын. Әсіресе, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, алгебра, география пәндерінен айырмашылық 7%-дан 20%-ға дейін барады. Ал химия, биология, ағылшын тілі пәндері бойынша пайыздық айырмашылық үлкен емес, 1,35-2,07%.

Орыс тілі (қазақ/орыс сыныптары), әдебиет (қазақ/орыс сыныптары) пәндері осы жылы алғашқы рет енгізілді.

Берілген екінші пәндер бойынша берілген тест тапсырмаларын 50%-дан жоғары орындаған қазақ әдебиеті (қазақ сыныптары), орыс әдебиеті (орыс сыныптары), орыс тілі (қазақ және орыс сыныптары) пәндерінен болды (50,02% – 55,76% аралығы). Осы пәндерден ең жоғарғы нәтиже орыс тілі (қазақ сыныптары) – 30,67 балл немесе тест тапсырмасының орындалуы 55,76% (30-сурет).



30-сурет

Қалған пәндерден пайыздық көрсеткіш 50%-дан төмен. Ең төмен көрсеткіш физика пәнінен (30,56%). Бұл пәннің нәтижесі 2015 жылы да басқа пәндермен салыстырғанда ең төмен болған. Нәтиже осы жылы 5,04%-ға төмен, оның себебі ретінде ағымдағы жылғы тестілеу форматының өзгеруі деп қарастыруға болады. 2015 жылы 9-сынып оқушылары бір дұрыс жауабы бар тек 20 тестілеу сұрағын орындаса, биылғы жылы тестілеу сұрақтары саны екі есе көбейген, сондай-ақ бір немесе бірнеше дұрыс жауапты сұрақтар



қосылды. Сол себепті биылғы жылғы тапсырмалар оқушыларға күрделірек болған деп пайымдауға болады.

Жалпы физика пәні бұған дейін 2013 және 2015 жылы да болған. Осы екі жылдары да ең төмен нәтиже көрсеткен пәндердің қатарында.

Ағымдағы жылы бұл пәнді 3856 оқушы тапсырған. Осы оқушылардың жинаған баллдарының бөлінісі келесі 31-суретте келтірілген:



31-сурет


